



Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 163 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында
жариялануға тиіс
(үзінді)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кейбір мәселелері туралы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Күпия.

4. Өте құпия.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2019 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 163 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 17.05.2022 № 893 Жарлығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі (бұдан әрі – Қызмет) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын және Үкіметін, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экология және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін барлау ақпаратымен қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асыратын және үйлестіретін ведомствосы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Қызмет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қызмет республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның қазақ тіліндегі өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Қызмет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Қызметтің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Қызмет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қызмет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Қызметтің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.11.2022 № 1068 Жарлығымен.

9. Қызметтің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі. (Құпия).

10. Осы Ереже Қызметтің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызметтің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызметке кәсіпкерлік субъектілерімен Қызметтің өкілеттіктері болып табылатын міндеттемелерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Қызметке Қазақстан Республикасының заңдарымен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2-тарау. Қызметтің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Президентін, Құрылтайын және Үкіметін, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экология және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

4) саяси, әскери-саяси, қаржылық-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда мемлекет басшылығының саясатын іске асыруға жәрдемдесу;

5) шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері, өзге де шетелдік ұйымдар, террористік және экстремистік ұйымдар, қылмыстық топтар мен жекелеген адамдар тарапынан барлау ақпаратын алу және ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздікке, конституциялық құрылыс негіздеріне, Егемендік пен Тәуелсіздікке, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына және ұлттық қауіпсіздікке нақты және әлеуетті нұқсан келтіруге жол бермеуге бағытталған шараларды іске асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де міндеттер.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, әскери құралымдардың қызметтік үй-жайларын, көлік және өзге де техникалық құралдарын, сондай-ақ азаматтардың үй-жайларын, көлік құралдары мен өзге де мүліктерін шарттық негізде пайдалану;

- 2) барлау қызметінің міндеттерін шешу үшін мемлекеттік органдардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардан қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлерін іссапарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге жіберу;
- 4) Қызметтің штаттан тыс жедел қызметкерлері ретінде ерікті негізде Қазақстан Республикасының азаматтарын тарту;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару, арнайы құралдар мен дене күшін қолдану;
- 6) Қызметке жасырын жәрдемдесуге келісім берген адамдармен өтеусіз не ақылы негізде жария емес ынтымақтастық орнату;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың цифрлық жүйелері мен цифрлық ресурстарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың цифрлық жүйелерін пайдалану;
- 8) белгіленген тәртіппен цифрлық жүйелер мен цифрлық ресурстарды, арнаулы техникалық құралдарды, байланыс жүйелерін, арнаулы мақсаттағы телекоммуникация желілерін, деректерді беру жүйелерін, ақпаратты техникалық арналар арқылы тарап кетуден қорғау құралдарын, олардың бағдарламалық қамтылымын, қару-жарақ пен құрал-жабдық сатып алу, пайдалану, шифрлау және шифрды ашу жұмысын ұйымдастыру;
- 9) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерімен, құқық қорғау органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу бойынша ұсыныстар енгізу;
- 10) ҰҚК Төрағасына барлау қызметін, ұйымдастырушылық-штаттық, кадрлық, материалдық-техникалық және басқа да қамтамасыз етуді жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныс енгізу;
- 11) Қызмет іс-қимылының негізгі бағыттарына сәйкес басқа мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істейтін түрлі білім салаларының ғылыми жұмыскерлері мен мамандарын тарта отырып, сараптамалық топтар құру;
- 12) барлаудың бүркемелеу құрылымдарын, астыртын әрекет ететін объектілерді құру және пайдалану, оларда жұмыс істеу үшін қолданыстағы резерв қызметкерлерін, штаттық жасырын қызметкерлерді айқындау;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлау қызметі материалдарына олардан құпиялылық белгісі алынғанға дейін қолжеткізуді шектеу;
- 14) Қызметтің объектілеріне қызмет көрсету бойынша жұмыстарға жеке және заңды тұлғаларды зерделегеннен және тексергеннен кейін оларға рұқсат беруді жүзеге асыру;

- 15) белгіленген тәртіппен психологиялық-әлеуметтанулық және полиграфологиялық зерттеулер жүргізу;
- 16) Қызметтің қызметкерлері мен бөлімшелерінің, объектілерінің, үй-жайларының, көлік құралдары мен жасырын жәрдемдесетін адамдардың ведомстволық тиесілілігін шифрлайтын құжаттарды, өзге де әдістер мен құралдарды пайдалану;
- 17) ол тұрған жерден тысқары жерлерде Қызмет функциясының бір бөлігін орындайтын және уәкілетті органда есептік тіркеуге жатпайтын оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің болуы;
- 18) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының бөлімшелерімен, ведомстволарымен, аумақтық және өзге де органдарымен, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және ұйымдармен белгіленген тәртіппен өзара іс-қимыл жасау;
- 19) Қызмет қызметінің бағыттары бойынша мемлекеттік органдардағы ведомствоаралық комиссиялардың, жұмыс топтарының кеңестері мен қызметіне белгіленген тәртіппен қатысу;
- 20) өз құзыреті шегінде құқықтық актілер әзірлеу және қабылдау;
- 21) сотқа жүгіну;
- 22) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ілгерілету бойынша шаралар тұжырымдауға және іске асыруға мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;
- 23) белгіленген тәртіппен барлау қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асыру, оның нәтижелері туралы есептілікті қалыптастыру;
- 24) ақпараттық-талдамалық жұмыс жүргізу, нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен өз құзыреті шегінде ҰҚК-нің өзге бөлімшелері, мемлекеттік органдар мен ұйымдар дайындаған құжаттардың жобаларын қарау;
- 25) өз өкілеттіктері шеңберінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 26) байланыс арналарының, цифрлық жүйелер мен цифрлық ресурстардың іркіліссіз жұмысын және қорғалуын қолдау;
- 27) астыртын әрекет ету мен жеке қауіпсіздіктің қажетті деңгейін, қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін, барлау қызметінің құқықтық, ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық негіздерін дамытуды қамтамасыз ету;
- 28) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;
- 29) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.05.2026 № 1258 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

15. Функциялары:

1) барлау ақпаратын жинау, жинақтау, талдау, бағалау, жүйелеу және қорыту, оның негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ілгерілету бойынша болжалдар, ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне, Құрылтайына, Үкіметіне, мемлекеттік органдары мен мемлекеттік ұйымдарына барлау ақпаратын ұсыну;

3) қарсы барлау қызметін, жалпы және арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын, радиотехникалық және радиоэлектрондық барлауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған жәрдемдесу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

5) шетелде Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

6) Қазақстан Республикасы жасасатын халықаралық шарттарды дайындауға, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;

7) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін, оның ішінде сыртқы барлау саласында орындау;

8) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде шет мемлекеттер арнаулы қызметтерінің, құқық қорғау органдарының, халықаралық құқық қорғау ұйымдарының сыртқы барлау бөлімшелерімен байланыс ұстау және дамыту;

9) белгіленген тәртіппен барлау қызметін жүзеге асыратын орта және қысқа мерзімге арналған стратегияларды, тактикалар мен жоспарларды әзірлеу;

10) белгіленген тәртіппен барлау қызметін ішкі бақылауды қамтамасыз ету және жүзеге асыру;

11) барлау қызметінің құқықтық негізін жетілдіру жөнінде шаралар тұжырымдау және іске асыру;

12) қызметке кандидаттарды іріктеу және зерделеу, Қызмет қызметкерлері мен жұмыскерлерінің қызмет өткеру және оны тоқтату процесін ұйымдастыру;

13) Қазақстан Республикасының оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің оқу орындарында, оның ішінде арнаулы оқу орындарында кадрларды оқыту процесін ұйымдастыру;

14) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығына қатысушы-қызметкерлер мен әскери қызметшілерді арнайы даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

15) барлау қызметінің негізгі бағыттарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

16) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы шеңберінде ұйымдастырушылық, жедел, талдамалық, әдістемелік, техникалық, бағдарламалық-аппараттық және өзге де бағыттар бойынша, сондай-ақ ортақ міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін өзара ақпарат алмасу мен келісілген іс-қимылдар

арқылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

17) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде және Қызмет объектілерінде мемлекеттік құпияларды қорғауды жүзеге асыру;

18) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қызметтің күштерін, құралдарын және қызметін құқыққа қайшы іс-әрекеттер мен қауіп-қатерлерден қорғау жөніндегі шараларды іске асыру;

19) Қызмет қызметінің астыртындығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

20) техникалық барлауға қарсы іс-қимыл, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері мен Қызметтің объектілерін физикалық және инженерлік-техникалық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

21) жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды белгіленген тәртіппен ұйымдастыру және өткізу;

22) сыртқы барлау желісі бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарындағы жедел есептерді ұйымдастыру, үйлестіру және тікелей жүргізу;

23) ведомстволық архивті, анықтамалық, цифрлық жүйелер мен цифрлық ресурстарды құру және пайдалану;

24) Қазақстан Республикасының Шифрлау қызметі орталық органының үйлестіруімен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде қорғалған байланысты белгіленген тәртіппен ұйымдастыру және онымен қамтамасыз ету;

25) өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және олардың персоналының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

26) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 13.03.2024 № 495 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 02.05.2026 № 1258 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

3-тарау. Қызметтің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Қызметке басшылықты ҰҚК Төрағасының орынбасары – Қызмет директоры (бұдан әрі – Қызмет директоры) жүзеге асырады, оған Қызметке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

17. Қызмет директоры Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қызмет директорының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Қызмет директорының өкілеттігі:

- 1) Қызметтің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) белгіленген тәртіппен Қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар (өкімдер) шығарады және нұсқаулар береді;
 - 3) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын қозғайтын актілерді қоспағанда, құқықтық актілерді бекітеді;
 - 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ шет мемлекеттердің арнаулы және құқық қорғау органдарымен және халықаралық ұйымдармен өзара қатынастарда Қызмет атынан өкілдік етеді;
 - 5) өз орынбасарларының, Қызмет басшылары мен лауазымды адамдарының өкілеттіктерін береді;
 - 6) өкілеттіктер шегінде Қызмет жұмыскерлерінің қызмет өткеруіне, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты мәселелерді шешеді;
 - 7) өз құзыреті шегінде Қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
 - 8) Қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлерін тәртіптік тұрғыдан көтермелейді және жазалайды;
 - 9) Қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлеріне белгіленген тәртіппен материалдық көмек көрсетеді;
 - 10) өз құзыреті шегінде Қызметтің қызметкерлеріне арнаулы атақтар береді;
 - 11) ҰҚК Төрағасына Қызметтің бөлімшелерін құру, тарату, қайта орналастыру және қайта құру, сондай-ақ оның құрылымы мен штаттары бойынша ұсыныстар енгізеді;
 - 12) ҰҚК Төрағасына белгіленген тәртіппен "лейтенант" және "полковник" арнаулы атақтарын беруге кандидатуралар, Қызметтің қызметкерлері мен жұмыскерлерін ведомстволық наградалармен наградтау бойынша ұсыныстар енгізеді;
 - 13) Қызметтің барлау, қызметтік, материалдық-техникалық және өзге де қызметіне тексеруді ұйымдастырады;
 - 14) Қызметтің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- Қызмет директоры болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Қызмет директоры өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызмет мүлкі

21. Қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие болуы мүмкін.

Қызметтің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Қызметке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Қызмет өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5-тарау. Қызметті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қызметті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескертпе: Қызмет осы Ереженің 14-тармағының 3), 12), 16) және 27) тармақшаларын, 15-тармағының 12) және 13) тармақшаларын, сондай-ақ 19-тармағының 2), 7), 8), 9) 10) және 12) тармақшаларын ҰҚК Төрағасы басқа әскерлер мен әскери құралымдарға жатқызған Қызметтің әскери қызметшілеріне қатысты да қолданады.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2019 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 163 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығына:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ережеде:

1-1-тармақ "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі (құпия)." деген сөздермен толықтырылсын;

10-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10-2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің миссиясы қарсыластың барлау-бүлдіру әрекетінен елдің конституциялық құрылысы негіздерінің, мемлекеттік егемендігі, аумақтық тұтастығы, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуеті қорғалуының тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды жасау, ұстап

тұру және дамыту, Мемлекеттік шекараны күзету, үкіметтік байланысты ұстап тұру және қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасын, Президентін, Парламентін, Үкіметін және басқа да мемлекеттік органдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау мақсатында барлау ақпаратымен қамтамасыз ету болып табылады.";

11-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) барлау ақпаратына қол жеткізу және шетел мемлекеттерінің арнаулы қызметтері мен ұйымдары, террористік және экстремистік ұйымдар, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтар (қылмыстық ұйымдар), сондай-ақ жекелеген адамдар тарапынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нақты және ықтимал нұқсан келтіруді болғызбауға бағытталған шараларды іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасын, Президентін, Парламентін, Үкіметін және басқа да мемлекеттік органдарын саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда шешімдер қабылдау үшін қажетті барлау ақпаратымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз ету;

2-2) саяси, әскери-саяси, қаржылық-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салаларда ел басшылығының саясатын іске асыруға көмек көрсету;

2-3) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы шеңберінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өзара іс-қимылын ұйымдастыру, үйлестіру және қамтамасыз ету;

2-4) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері мен олардың қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде мемлекеттік құпияларды қорғау және техникалық барлауға қарсы іс-қимыл жасау бойынша шараларды іске асыру;"

12-тармақтың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) Қазақстан Республикасының мүдделерінде барлау қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 12-1-2-тармақпен толықтырылсын:

"12-1-2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Сыртқы барлау қызметінің функциялары:

1) барлау ақпаратын жинау, жинақтау, талдау, бағалау, жүйелеу және қорыту, олардың негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ілгерілету бойынша болжамдар, ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау;

2) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасына, Президентіне, Парламентіне, Үкіметіне, мемлекеттік органдарына және мемлекеттік ұйымдарына барлау ақпаратын ұсыну;

3) қарсы барлау және жедел-іздіксіз іс-шараларын, радиотехникалық және радиоэлектрондық барлауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталған көмек көрсету іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

5) шетелде Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысу;

6) Қазақстан Республикасы жасасатын халықаралық шарттарды дайындауға, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге атсалысу;

7) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін, оның ішінде сыртқы барлау саласында орындау;

8) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде арнаулы қызметтердің, құқық қорғау органдарының, халықаралық құқық қорғау ұйымдарының сыртқы барлау бөлімшелерімен байланыс ұстау және дамыту;

9) барлау қызметі белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын орта және қысқа мерзімге арналған стратегияларды, тактикалар мен жоспарларды әзірлеу;

10) барлау қызметін ішкі бақылауды белгіленген тәртіппен қамтамасыз ету және жүзеге асыру;

11) барлау қызметінің құқықтық негізін жетілдіру жөніндегі шараларды пысықтау және іске асыру;

12) қызметке кандидаттарды іріктеу және зерделеу, Сыртқы барлау қызметінің қызметкерлері мен жұмыскерлерінің қызмет өткеру және қызметті тоқтату процесін ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының оқу орындарында және ғылыми-зерттеу мекемелерінде, сондай-ақ басқа мемлекеттердің оқу орындарында, оның ішінде арнаулы оқу орындарында кадрларды оқыту;

13) барлау қоғамдастығына қатысушылардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерін арнайы даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

14) барлау қызметінің негізгі бағыттарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

15) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы шеңберінде ұйымдастырушылық, жедел, талдамалық, әдістемелік, техникалық, бағдарламалық-аппараттық және өзге де бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

16) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінде және Сыртқы барлау қызметінің объектілерінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды жүзеге асыру;

17) жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Сыртқы барлау қызметінің күштерін, құралдарын және іс-қимылын құқыққа қайшы әрекеттер мен қауіп-қатерлерден қорғау шараларын іске асыру;

18) Сыртқы барлау қызметі астыртын әрекет етуін қамтамасыз ету бойынша шараларды іске асыру;

19) техникалық барлауларға қарсы іс-қимыл, Сыртқы барлау қызметінің шет елдердегі мекемелері мен объектілерін физикалық және инженерлік-техникалық қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

20) жұмылдыру дайындығы бойынша іс-шараларды белгіленген тәртіппен ұйымдастыру және өткізу;

21) барлау саласы бойынша ұлттық қауіпсіздік органдарындағы жедел есептерді ұйымдастыру, үйлестіру және тікелей жүргізу;

22) ведомстволық архивті, анықтамалық, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды жасау және пайдалану;

23) Қазақстан Республикасы ҰҚК Төрағасы белгілеген тәртіппен Сыртқы барлау қызметінің бөлімшелерін және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін қорғалған байланыспен қамтамасыз ету;

24) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен белгіленген өзге де функцияларды орындау.";

13-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) сыртқы барлауды жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне ұсыныстар енгізуге;"

16-тармақ мынадай мазмұндағы 125-51), 125-52), 125-53), 125-54), 125-55), 125-56), 125-57), 125-58), 125-59), 125-60), 125-61), 125-62), 125-63), 125-64), 125-65), 125-66), 125-67), 125-68) тармақшалармен толықтырылсын:

"125-51) құпия;

125-52) құпия;

125-53) құпия;

125-54) құпия;

125-55) құпия;

125-56) құпия;

125-57) құпия;

125-58) құпия;

125-59) құпия;

125-60) құпия;

125-61) құпия;

125-62) құпия;
125-63) құпия;
125-64) құпия;
125-65) құпия;
125-66) құпия;
125-67) құпия;
125-68) құпия;"

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы № 282 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 54, 533-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы ережеде:

14-тармақтың 23) тармақшасында "және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның" деген сөздер алып тасталсын.

3. "Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 13 сәуірдегі № 371 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 18, 186-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік органдардың мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды тұлғаларының тізбесінде:

кестенің "1. Әскери саладағы мәліметтер" деген бөлімінің 1-бағанында:

бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, он бірінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он тоғызыншы және жиырмамыншы абзацтардағы ", "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер алып тасталсын;

он үшінші абзацтағы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

кестенің "2. Экономика, білім, ғылым және техника саласындағы мәліметтер" деген бөлімінің 1-бағанында:

бірінші, үшінші, төртінші, жетінші, он үшінші, он төртінші, он алтыншы, жиырма үшінші абзацтардағы ", "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер алып тасталсын;

он екінші, он сегізінші, жиырма алтыншы, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы абзацтардағы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

кестенің "3. Сыртқы саясат және сыртқы экономика салаларындағы мәліметтер" деген бөлімінің 1-бағанында:

бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарда ", "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер алып тасталсын;

жетінші абзацта "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер " Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

кестенің "4. Барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру және өзге де қызметтер саласындағы мәліметтер" деген бөлімінің 1-бағанында:

бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он сегізінші абзацтарда ", "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер алып тасталсын;

4. Күпия.

5. Күпия.

6. Күші жойылды – ҚР Президентінің 31.07.2023 № 290 Жарлығымен.

7. "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, арнаулы мемлекеттік органдары, құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдгерлік қызмет және прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1283қбп Жарлығына: ("Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар).

8. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 12 қазандағы № 201 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 39, 428-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколына 1-қосымшада:

34-тармақ алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколына 2-қосымшада:

39-тармақ алып тасталсын.

9. Күші жойылды – ҚР Президентінің 30.05.2023 № 238 Жарлығымен.

10. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны және айырым белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 144 Жарлығына:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери қызметшілері әскери киім нысаны және айырым белгілері үлгілерінің сипаттамасы мен суреттерінде:

195-суретте:

"Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі" деген жеңдегі белгілерінің бейнесі алып тасталсын.

11. "Мемлекеттік рәміздер және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының геральдикасы мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 155 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 783-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесі мен сипаттамаларында:

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының тізбесінде:

"Медальдар:" деген бөлімде:

9-тармақ алып тасталсын:

"Төсбелгілер:" деген бөлімде:

9-тармақ алып тасталсын;

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларының сипаттамаларында (бұдан әрі – Сипаттамалар):

"Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің медальдары" деген бөлім алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің төсбелгілері" деген бөлім алып тасталсын;

Сипаттамаларға 44, 45, 46, 47, 48, 48-1, 100 және 100-1-қосымшалар алып тасталсын ;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін кейбір мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, құқық қорғау органдарының, соттардың, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларымен марапаттау (ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградаларынан айыру) қағидаларында:

"3. Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздері" деген бөлімде:

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері" медалі" деген кіші бөлімде 31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері" медалімен ұзақ жылғы және жемісті жұмысы үшін қызметі бойынша оң мінездемеге ие және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында жалпы еңбек сіңірген 25 және одан да көп күнтізбелік жыл болатын Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілері марапатталады.";

I, II, III дәрежелі "Ұлттық қауіпсіздік қалқаны" медалі деген кіші бөлімде 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. "Ұлттық қауіпсіздік қалқаны" медалі үш дәрежеден тұрады:

1) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында 20 жыл сіңірген еңбегі үшін марапаттауға - I дәрежелі "Ұлттық қауіпсіздік қалқаны" медалі;

2) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында 15 жыл сіңірген еңбегі үшін марапаттауға - II дәрежелі "Ұлттық қауіпсіздік қалқаны" медалі;

3) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында 10 жыл сіңірген еңбегі үшін марапаттауға - III дәрежелі "Ұлттық қауіпсіздік қалқаны" медалі.";

"Сырбар" қызметінің ардагері" медалі" және Сыртқы барлауға қосқан үлесі үшін" медалі" деген кіші бөлімдер алып тасталсын;

"Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері" төсбелгісі" деген кіші бөлімде 59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"59. "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері" төсбелгісімен:

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарында (мемлекеттік қауіпсіздік органдарында) күнтізбелік есептеуде кемінде 20 жыл қызмет атқарған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлер мен әскери қызметшілер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқаны, сондай-ақ жедел-қызметтік іс-қимылда, жауынгерлік және кәсіби дайындықта, жедел және жауынгерлік тапсырмаларды үздік орындап, бұл орайда көрсеткен бастамашылдығы мен табандылығы, кадрларды тәрбиелеу мен оқытуда, қызметтік (әскери) тәртіпті нығайтуда жеткен жетістіктері үшін;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан өзге де адамдар, оның ішінде шет мемлекеттердің азаматтары марапатталады.";

"Сырбар" қызметінің үздігі" төсбелгісі және "Сыртқы барлау құрметті қызметкері" төсбелгісі" деген кіші бөлімдер алып тасталсын.

12. Құпия.

13. "Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 39, 563-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережеде:

3-тармақтың 11) тармақшасында "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің," деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

14. "Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 44, 647-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларында:

4-тармақта:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
,";

он екінші абзац алып тасталсын;

15. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің арнаулы киім нысандарының түрлері мен сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 627 Жарлығына:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің арнаулы киім нысандарының түрлері мен сипаттамаларында:

1-тармақтың 2) тармақшасында "сыртқы барлау қызметі саласындағы уәкілетті органға," деген сөздер алып тасталсын;

24-тармақта ", Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметіне" деген сөздер алып тасталсын;

27-тармақ алып тасталсын;

32-тармақтың 1) тармақшасында "мен Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі" деген сөздер алып тасталсын;

33-тармақтың 1) тармақшасында "мен Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі" деген сөздер алып тасталсын;

34-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдары қызметкерлерінің арнаулы киім нысандары үлгілерінің суреттері" деген бөлімде:

20-сурет алып тасталсын;

23, 24 және 25-суреттерде "мен Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі" деген сөздер алып тасталсын;

26-суретте:

"Сырбар" Сыртқы барлау қызметі күнделікті-далалық бас киімдерге эмблемасы бар кокарданың бейнесі алып тасталсын.

16. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдарының оқу орындарында терроризмге қарсы бөлімшелер мамандарын даярлаудағы ынтымақтастық туралы келісім бойынша Қазақстан Республикасынан құзыретті органдарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 849 Жарлығына:

1-тармақта "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі," деген сөздер алып тасталсын.

17. "Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер үшін әскери кадрлар даярлау туралы келісімді іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 310 Жарлығына:

1-тармақта "және Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі" деген сөздер алып тасталсын.

18. Құпия.

19. "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 838 Жарлығына:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы ережеде:

6-тармақта ", Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры" деген сөздер алып тасталсын.

20. "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроризмге және экстремизмнің өзге де зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы күресті жүзеге асыратын құзыретті органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімін іске асыру жөніндегі құзыретті мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 65 Жарлығына:

1-тармақта:

"Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі," деген сөздер алып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2019 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 163 Жарлығына
ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының
ТІЗБЕСІ**

1. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығы.

2. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 1135 Жарлығы.

3. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің әскери рәміздері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 ақпандағы № 1147 Жарлығы.

4. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 126 Жарлығы.

5. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 281 Жарлығы.

6. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 мамырдағы № 559 Жарлығы.

7. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 12 ақпандағы № 752 Жарлығы.

8. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 863 Жарлығы.

9. "Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 наурыздағы № 773 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 84 Жарлығы.

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы

14 наурыздағы № 446 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 13-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 11, 59-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК